

2012 жылға ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін және субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 мамырдағы № 99 қаулысы. Қостанай облысы Амангелді ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 мамырда № 9-6-151 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 230 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2012.09.24 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10-тармағына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2012 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес а й қ ы н д а л с ы н .

2. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдері 2012 жылдың 5 сәуірінен бастап 31 мамырына дейін деп айқындалсын .

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Ж. Қ. Таукеновке жүктелсін .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 5 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

С. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

" А м а н к е л д і а у д а н ы н ы ң
к ә с і п к е р л і к ж ә н е
а у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы
б ө л і м і " к о м м у н а л д ы қ
м е м л е к е т т і к

_____ *Е. Ещанов*
 Ә к і м д і к т і ң
 2012 жылғы "11" мамырдағы
 № 99 қаулысына
 қосымша

**2012 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы
 дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері**

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері
1	Жаздық бидай	15 мамырдан 5 маусым аралығы
2	Арпа	15 мамырдан 5 маусым аралығы
3	Бұршақтұқымдастар	15 мамырдан 5 маусым аралығы
4	Майлы дақылдар	18 мамырдан 30 мамыр аралығы
5	Картоп	10 мамырдан 31 мамыр аралығы
6	Көкөніс және бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусым аралығы